

“Қазына” қонақ үйі







Жобаның тұжырымдамасы

Жобаның тұжырымдамасы Қазақстан Республикасы Алматы қаласында “Қазына” қонақ үйін ашуды қарастырады.

Кәсіпорын қызметінің мақсаты шетелден келген қонақтарды қазақ мәдениетімен таныстыру болып табылады.

Жоспарланған кәсіпорынның нысаналы тобы қызметтерін тұтыншылар – шетелден келген саяхатшылар, сондай-ақ Қазақ еліне демалуға келетін туристер болып табылады.

Компанияның басымдықтары:

- қонақ үй бизнесі жұмысындағы тәжірибесі мол білікті құрам;
- қонақ үй кешенінің оңтайлы орналасқан жері;
- қонақ үй этнодизайндық стильде қонақтарды қызықтыра алады;
- қонақ үйдің қызметтері табысы жоғары клиенттерге ғана емес, орташа табысы бар тұтынушыларға да бағдарланған.

Қонақ үй қызметімен қатар тамақтану қызметтері де (мейрамхана) көрсетіледі.

Осы бизнес-жоспар басшылыққа алатын соңғы нұсқа емес, тек осындай бизнес-идеяны дамытудың әлеуетті мүмкіндігі ғана. Сондықтан да жобаны іске асырған кезде сату бағдарламасы сияқты көрсетілетін қызметтердің де өзгеруі мүмкін.

Өнімнің (қызметтердің) сипаттамасы

Қонақ үй кәсіпорнының негізгі функциясы клиенттерге уақытша тұратын орын ұсыну және қазақ мәдениетімен тереңірек таныстыру болып табылады.

Қонақ үйдің негізгі белгілері мыналар:

- номерлік қорлардың болуы;
- міндетті қызметтер жиынын көрсету (номерлерді, санитарлық тораптарды жинау, төмек-орынды күн сайын жаңарту, номерлерде қызмет көрсету);
- қосымша қызметтердің белгілі түр-түрлерінің болуы.

Барлық қонақ үйлерде төрт негізгі қызмет топтары қарастырылған:


- орналастыру;
- тамақтану;
- бос уақыт;
- тұрмыстық қызметтер көрсету.

Олар негізгі, қосымша және ілеспе қызметтерді қамтиды.


Қандай қонақ үйдің болмасын қажетті шарты екі негізгі қызметінің болуы: орналастыру және тамақтандыру.

Орналастыру қызметін ұстау біріншіден, пайдалану үшін арнайы орын-жайлар ұсынылады (қонақ үй номерлері), екіншіден қонақ үйдің құрамы тікелей көрсететін қызметтері ұсыну болып табылды: қонақтарды қабылдайтын және ресімдейтін портъе, қонақ үй номерлерін жинаушылар және т.б.

Қонақтарға қызметтер көрсету әр түрлі процестерден тұрады: өндірістік (ас үйде тамақ дайындау), сауда (пайдалану үшін дайын тамақ, алкогольсіз ішімдіктерді сату), сервистік (мейрамханада, барда, кафеде, қонақ үй номерінде официанттардың қызмет көрсетулері).





А. КАСИ



2-3 қабаттар







ArtVance
ArtVance



Antonovich
Design





75x30 cm



90 x40 cm



100 x120 cm



90 x40 cm




75x30 cm



Vet







Veta.kz



Veta.kz

100x50cm



100 x200 cm




100x50cm




Vet













veta.kz




veta.kz



Ұйымдастыру, басқару және құрам

Кәсіпорында директор жалпы басшылық жасайды. Басқарушы әкімші мен қосалқы құрамның жұмысын бақылайды. Өндірістік құрам әкімшіге бағынады.

Кәсіпорынның ұйымдастыру құрылымы төменде көрсетілген түрлерден тұрады.



Құрамды басқарудың келтірілген құрылымын жүйелікке жатқызуға болады. Ол директордың кәсіпорын жұмысын жедел басқаруына және жағдайдан хабардар болуына мүмкіндік береді.

Кәсіпорын мамандары – басқарушы, бас бухгалтер, әкімші.

Әлеуметтік-экономикалық және экологиялық әсер

Жобаны іске асыру кезінде:

- жұмысшылардың тұрақты табыс алуға мүмкіндік беретін жаңа жұмыс орнын ашу;
- қонақ үй қызметін көрсететін жаңа кәсіпорын ашу;
- Алматы қаласында туристерге арналған мәдени және этнодизайндық үлгіде қонақ үй ашу қарастырылған.

Әлеуметтік әсерлер арасынан мыналарды бөліп көрсетуге болады:

- халықтың қонақ үй қызметтеріне деген сұранысын қанағаттандыруды;
- туристер мен саяхатшылардың бір мекеннен екіншісіне қатынайтын алыс сапарларда талаптарын қанағаттандыру үшін демалыс, тамақтану және басқа сервистік қызметтерді ұйымдастыруда жағдайлар жасауды бөліп көрсетуге болады.

Қоршаған ортаға әсері

Жобаның идеясы қонақ үйді ашу кезінде қоршаған ортаға қандай да бір түбірлі өзгеріс жасамайды.

Қатты және сұйық тұрмыстық қалдықтарды үнемі және уақтылы шығарып тұрған кезде қоршаған орта ластанбайды.